

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

«БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КЕЛІСЕМІН

«Болашақ» университетінің  
академиялық мәселелер жөніндегі  
проректоры Г.Ж. Снасапова  
«28» 08 2024ж.

БЕКІТЕМІН

«Болашақ» университетінің  
ректоры, т.ғ.д., профессор  
У. Умбетов  
«28» 08 2024ж.



BOLASHAK  
UNIVERSITY

«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
СТУДЕНТТЕР ҮЙІНЕ ОРНАЛАСУ ТӘРТІБІ

Қызылорда, 2024 жыл

## «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕР ҮЙІНЕ ОРНАЛАСУ ТӘРТІБІ

«Болашақ» университетінің Студенттер үйі - барлық талаптарға жауап беретін жайлы орын.

Жатақханаларда тұратын студенттердің барлық шоғырлы мәселелерінің шешімін табу мақсатында арнайы студенттік өзіндік басқару – Студенттік жатақхана кеңесі атты ұйым жұмыс атқарады. Ол студенттерді жатақханаға орналастыру және іс-шараларды ұйымдастырумен айналысады.

Студенттік жатақханада және студенттік кампустарында сымсыз желі ғаламтор WI-FI-ға қолжетімділік бар. Жатақхана аумағында білім алу мен демалысты ұйымдастыруға мүмкіндік беретін толық кешен жұмыс істейді: әртүрлі іс-шараларды өткізуге арналған керемет мәдени-демалысқа арналған фитнес-клуб, шаштараз, кафетерий, темір жол және авиа кассалары, азық-түлік дүкені, телефон шоттарын толтыру терминалдары, көшірме орталықтары бар.

Жатақхана студенттер тұруына қажетті барлық қолайлығы, қауіпсіздігімен ерекшеленеді. Жатақханаларда тұруға, оқуға және демалуға барлық жағдай жасалған. Жатақханаларда демалыс, сабақ қарауға және тұрмысқа көп жағдай жасалуда. Жатақханаларда арнайы оқу залдары, демалыс бөлмелері мен дәрігерлік бөлме қызмет етеді. Жатақханалардың әр қабатында тамақ әзәрлейтін, жуынатын бөлмелер, әжетханалар орналасқан. Кір жуатын бөлме, кір жуатын машиналар және жуынатын жер (душ) жатақханалардың жертөлесінде (подвал) орналасқан. Студенттерге қажет (үстел, орындық, кітап және аяқ-киім жинайтын шкафтарды) және төсек-орын жабдықтарын университет қамтамасыз етеді.

Студенттік жатақханалар бейне бақылау камераларымен жарактандырылған және күзет қызметімен бақыланады. Жатақханада тұратын студенттер рұқсатнама арқылы кіреді. Студенттік жатақханалар сағат түнгі 22.00-ден таңғы 6.00-ге дейін жабылады.

Университет барлық жатақхана қажет етушілерді орынмен қамтамасыз етуге тырысады. Жатақханалар қаланың сол жақ жағалауы №115 ғимаратында орналасқан. Оқу ғимараттарына автобус арқылы келуге болады. Жатақханаға жолдаманы факультет деканаттары береді. Студенттік жатақханаларына орналастыру жыл сайын 25-ші тамыздан басталады.

Шеттен, алыс аймақтарынан келген барлық күндізгі бөлімінде оқытын студенттерге жатақханадан орын беріледі.

Жатақханаға жолдама алу үшін студент тәрбие бөліміне төмендегі құжаттарды оқу жылы басталғанда тапсырады

1) Өтініш

2) Әлеуметтік жағдайы бойынша анықтамалар (жеңілдіктер болса (жетім және мүгедек балалар), және ата-анасының жылдық табысы жайлы анықтама

3) Жеке басын растайтын төлқұжаттың көшірмесін

Жатақханаға орналасу үшін студент төмендегі құжаттарды жатақхана меңгерушісіне (комендант) тапсырады:

университеттен алған жолдама

Жеке басын растайтын төлқұжаттың көшірмесі – 2 дана

3x4 көлеміндегі 6 фотосурет

Медициналық анықтама (1-ші курс студенттерінен басқаларына)

*Ғылыми кеңес отырысында қаралып, бекітілді.*

№ 1 хаттама «Ж» 8 2024 жыл